

## **Қашықтықтан оқытуда онлайн білім беру платформаларымен жұмыс жасауды жетілдіру**

Жайдакбаева Л.К., Магажанова М.

Бүгінгі таңда білім беру мекемелерінде үлкен өзгерістер орын алуда. Басқа елдермен қатар Қазақстандық мектептер де онлайн және аралас оқыту форматында жұмыс жасап келеді. Әрине бұл үдеріс білім беру мекемелерінде қашықтықтан оқыту нысанына жылдам өтуді жүзеге асырды. Әрбір білім беру мекемесі маманының, мұғалімнің алдында қашықтықтан оқыту форматтарын жедел меңгеру мәселесі тұрды. Ең алдымен, мұғалім оқушылармен қалай жұмыс істеу керектігін ойластыруы керек екендігін, оқушылармен нақты уақыт режимінде онлайн кездесу тағайындалаулары керек екендігі анықталды. Онлайн сабақта мұғалім материалдарды түсіндіреді, оқушылардың сұрақтарына жауап береді және оларға сұрақтар қояды. Мұғалімнің білім алушылармен өзара әрекеттесуінің тағы бір нұсқасы – оған оқу материалдарын ұсыну арқылы: мұғалімнің веб-сайтына өз мазмұнын орналастыру, тапсырмаларды жіберу және оларға электрондық пошта арқылы жауап алу, білім беру платформаларының, порталдардың мүмкіндіктерін пайдалану болды.

Алғашқы кезде әр мұғалімнің алдында туындаған негізгі мәселелер: "Білім алушыларды сапалы оқу контентімен қалай қамтамасыз ету керек?", "Кері байланысты қалай ұйымдастыруға және білім алушылардың оқу нәтижелерін қалай бағалауға болады?». Бұл зерттеудің мақсаты оқу процесін ұйымдастыру және оның нәтижелерін қашықтықтан бағалау тұрғысынан цифрлық білім беру платформаларының, заманауи Интернет-қызметтердің дидактикалық мүмкіндіктерін талдау болып табылады.

Алғашқы жағдайда қазіргі кездегі танымал цифрлық білім беру платформаларының мүмкіндіктері және қашықтықтан оқыту форматында оқу процесін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бағалау құралдары тұрғысынан қызметтер сараланды. Дәстүрлі түрде көптеген платформалар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы ретінде интерактивті жаттығулар мен тест тапсырмаларын ұсынатындығы анықталды. Сонымен қатар, тесттерді құру мүмкіндіктері әр түрлі болуы мүмкін, әр түрлі сұрақтар, дұрыс жауаптар беру, белгілеу параметрлерін орнату мүмкіндігі және т. б. Білім беру платформалардың мұғалімге оқушылардың электронды ортадағы жұмысының статистикасын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау бойынша оның қызметін бақылау мүмкіндігі ерекше қызығушылық тудырғаны анық.

Мектеп оқушыларын қашықтықтан оқыту жағдайында бағалау функциясын қалпына келтіруге арналған Интернет-сервистердің мүмкіндіктері талданып, тестілеуді ұйымдастыру, жазбаша тапсырмаларды орындау үшін on-line сервистеріне талдау жасалды, интерактивті жұмыс парақтарын құрудың басқа тәсілдері қарастырылды. Бағалауды ұйымдастыруға арналған қызметтер мен құралдар егжей-тегжейлі талданып

білім алушылардың қызметін ұйымдастыру және бағалау құралы ретінде on-line визуализация құралдарының рөлі көрсетілді.

Сонымен қатар рефлексияны ұйымдастыруға арналған қызметтер мен құралдар да назардан тыс қалмады. Сандық білім беру ресурстары мен қызметтеріне ұсынылған талдау іс-әрекетті ұйымдастыру және пәндік жетістіктерді бағалау үшін толықтық пен нақтылық талап етілмейді, өйткені негізгі мақсат мектептердің қашықтықтан оқытуға жаппай көшуі жағдайында заманауи интернет сервистерінің, цифрлық білім беру ресурстарының дидактикалық мүмкіндіктерін ашу болып табылды.

Қорыта виртуалды білім беру кеңістігінде таптырмас құрал құрал. Өйткені кәсіби және қолданушылық сипаттағы бағдарламалық қамтамасыздандырудың ыңғайлылығы - білім беру іс-әрекетіндегі өзара мақсатты түрдегі өзара қарым қатынасты толық виртуалды және жанды сипатта қолдануға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер:

1. Иванченко Д.А. Системный анализ дистанционного обучения : монография. М.: Союз, 2005. 192 с.
2. Коваленко В.Е. Задачи анализа, планирования и оптимизации в АСУ ВУЗ. – М.: НИИВШ, 1980. – 40 с.
3. Зайченко Т.П. Инвариантная организационно-дидактическая система дистанционного обучения : монография. – СПб.: Астерион, 2004. – 188 с.
4. Клепикова А.Г. Сравнительный анализ понятий «педагогический дизайн» и «педагогическое проектирование» // Вестн. Помор. ун-та. Сер. Гуманитарные и социальные науки. Архангельск, 2008. Вып. 10. С. 178-184.